

3 Лекция Ежелгі Грекия өнері

Дәріс сабағының мақсаты: студенттерге Ежелгі Грек өнерінің архаика, классика және эллинизм дәуіріндегі даму ерекшеліктерін зерттеу.

Кілт сөздер: Парфенон, Фидий, ордер, спартандық, афины өнері, порт.

Дәріс жоспар:

1. Архаика кезеңіндегі Ежелгі Грекия өнері.
2. Ионикалық ордер.
3. Архаикалық мүсін өнері: куростар, корлар.

Архаика кезеңіндегі Ежелгі Грекия өнері. Әлем тарихында Элладаның көркем шығармашылығы алғаш рет өнердің абсолютті нормасы ретінде реализмді бекітті. Бірақ реализм табиғатты нақты көшіріп бейнелемеді, ол табиғат аяқтай алмаған процесстерлі аяқтады. Сонымен, табиғат заңдылықтарына мойынұсына отырып, өнер табиғат жетпеген жетістіктерге қол жеткізуге тырысты. Б.з.д. 7ғ. соңы – 6ғ. басында грек өнерінде ілгерілеушілік байқалады. Құмыраның сыртын сәндеуде адам бейнесіне ерекше мән берілір, оның образын бейнелеуде нақты белгілер қолданылады. Сюжетсіз өрнектер бастапқы кездегі мән-мағынасын жояды. Сонымен қатар негізгі тақырыбы адам болып табылатын монументалды мүсін өнері пайда болды. Осы уақыттан бастап грек өнері өзіне атақ-даңқ әкелген гуманизм жолына түседі.

Дорийлік және ионикалық ордерлер. Архаикалық дәуірдің өзінде-ақ грек сәулет өнерінде екі стилдегі ордер пайда болды: дорийлік және ионикалық. Ордер(қатар, тәртіп деген мағынаны білдіреді) колонналар мен оның жоғарғы бөлігіндегі ғимараттардың құрылымын анықтайды.

Дорийлік ордер. Ер адаммен салыстырылатын ауыр салмақты, қатаң құрылыс. Дорийлік колоннаның негізі болмайды. Тік жылға – каннелюрлары(16-20 дана) бар массивті бағанды кең квадрат плита – абаканы тірек тұрған шеңбер жастықша - эхин аяқтайды. Капителилерде антаблемент деп аталатын бөлшек орналасқан. Ол көлденең айдыны бағаналар арасынан өтетін балка – архитравадан, архитравадан төмен орналасқан және тікбұрышты триглифтер пен карниздан жасалған рельефті иірімдер салынған квадрат жазықтықтар – метоппарға бөлінген фриздан тұрады. Антаблементтен жоғары көп фигуралы монументалды мүсінді көрсететін колонналардың кезектесуінен тұратын ірі үшбұрыш фронтон орналасқан. Энтазис – көз мөлшерімен колонналарды кеңейту, оларсыз колонналар ортасынан қысыңқы көрінеді. Колонналардың биіктігі - 5,5.

Ионикалық ордер._(Кіші Азия мен аралдарда жиі кездеседі): әйелмен салыстырады. Колонна базаға сүйенеді, рельефтері бар, энтазис жоқ, келісімді. Биіктігі 8 диаметр. Канелюрлері тереңірек, 20-24 дана үшкір емес бөлікпен аяқталады. Капительдерде валюттер болады(толқын түрінде сәнделген). Архитрав кішкентай өрнектермен сәнделген 2 немесе 3 бөлікке бөлінеді. Фриз тегіс және метоппар мен триглифтерге бөлінбейді. Карниздер салтанатты түрде сәнделген.

Грек сәулет өнерінде колонналардың рөлж жоғары болды. Колонналар арқылы ғибадатхананың сыртқы бейнесін анықтайтын болған. Қала алаңы немесе театр маңында қатар бойынша салынған колонналар қолайсыз ауа-райынын қорғану үшін қолданылды.

Грек ғибадатханаларының құрылымы. Крит, сарай архитектурасымен салыстырғанда грек архитектурасы ғибадатханалық болды. Бірақ бастапқы кезден-ақ грек ғибадатханаларының өзіндік міндеті болды. Бұл жерге сыйыну үшін жиналмады, құрбандық шалу рәсімі ашық аспан астында өткізілетін болды. Грек ғибадатханалары Құдайлар мүсіндерін сақтау үшін ғана қызмет етті. Вавилондық зиккурат сияқты Құдай үйі емес, оның әйелі немесе күйеуі кейпінің үйі қызметін атқарды. Периптер – ғибадатхананың кеңінен тараған түрі(«периптер» - «перистас»-колонналармен жан-жағынан қоршалған). Порт – колонналардың артындағы кеңістік. Наос – мүсін тұратын орын. Пронаос – кіреберіс, вестибюль(шығыс жақтан). Опистодас – қазына сақталатын батыс вестибюль. Ғибадатхананың үш баспалдақты негізі стереобат – құдайға арналған баспалдақ. Грек ғибадатханалары мүсіндер және рельефтермен сәнделетін болған. Дорилік фриздың тікбұрышты метоппары 2-3 фигураны бейнелейтін рельефті қажет етеді; ал оның реттілігі шайқас немесе мифтік қаһарманның ерлігін сипаттайды. Ионикалық фриздердің көлденең бөлігінде тізбекті фигуралар салынып, шайқас немесе культтік рәсімді сипаттайды. Фронтонның үшбұрышты фонында орталық фигурасы бар мүсін композициясы орналастырылады.

Архаикалық мүсін өнері: куростар, корлар. Бізге жеткен алғашқы мүсіндердег Египеттің ықпалын байқауға болады. Алға қарай шығыңқы орналасқан аяқ немесе кеудеге қойылған қол сияқыт қозғалыс бейнеленеді. Архаикалық мүсіндер жалаңаш жастарды, атлеттерді, жарыс жеңімпаздарын бейнелейді. Эллада мүсін өнері стадионда пайда болды. Мүсінші жақсы жаттыққан атлеттен, ал жастар мүсіннен шабыт алатын болған. Корлар – хитон немесе плащтағы жас әйелдер. Грек әйелдері спорттық жарыстарға қатыспағандықтан, жалаңаш әйел бейнесін жасау бірден пайда болмады. Атақты белгісі: грек өнерінің дамуының алғашқы сатысында-ақ құдайлардың мүсіндік бейнесі ерекшеленді. Архаикалық куростар мен корлардың бәрінің

жүзінде күлкі болатын: алғаш рет табылғанда көптеген ойлар туғызған атақты архаикалық күлкі. Архаикалық күлкіден мазақ етуді көруге болады, бірақ бұны нақты деп айта алмаймыз. Қатып қалған күлкі табиғи емес. Архаикалық кезеңде грек суретшілері образ стилизациясын емес, жер бетінің көзге көрінетін сұлулығын көрсетуді мақсат етті. Осы кезеңде грек өнеріндегі реализмнің негізі қалана бастады. 6 ғасырдың екінші жартысында фигура қозғалысын көрсетуге ерекше мән берілді.

Керамикадағы қара және қызыл фигуралы жазбалар. Грек кескіндеме өнерінің жарқын көрінісі керамика болды. 6 ғасырдың басынан біздің дәуіріміздің басына дейін сюжетсіз геометриялық өрнектер адам фигурасының бейнесіне жол берді. Бұл грек құмыражазбасындағы жаңа дәуірдің басталуын көрсетеді. Құмыраның сыртын жазбамен сәндейтіндер құмыраның оның өлшемі мен пропорцияларын ескере отырып жұмыс істейді. Кейінгі архаикалық кезеңде құмыра сыртын жазбамен сәндеу ісі дами түседі. Б.з.д. 6 ғасырдың алғашқы үш ширегіне қарафигуралы құмыраларды жасау қарқынды дамып, оның орталығы Афина аттикасы болды. Қарафигуралы жазбалар өте сәнді. Ыдыстың балшықты сары, күлгін немесе сарғыш фонына сурет салынады. Б.з.д. 6 ғасырдың соңында қарафигуралы жазбаларды қызылфигуралылары алмастырады. Фигуралардың өздері балшықтың жылы түсін сақтап қалғанымен, фоны қара лакпен боялады. Бөлшектері сырылмайды, тек жіңішке қара сызықпен, көрінер-көрінбес сарғыштау штрихтармен сызылады.

Ерте және кейінгі классика кезеңіндегі ежелгі Грекия өнері. Миронның шығармашылығы. Элевфериялық Мирон тек қоладан мүсін жасады. Миронның негізгі мақсаты қозғалысты нақты бейнелеу болды. Металл мәрмәр сияқты нақты әрі шебер жұмыс жасауға қабілетсіз болғандықтан болуы керек, суретші қозғалыс «ырғағын» іздеуге кірісті. Шынымен де, Мирон ырғақты жақсы таба білді. Кейінгі скульпторлардың ешқайсысы бұндай дәлдікке қол жеткізбеді. Оның жүгіріп бара жатқан Лад бейнесі, Дискобол бейнесі нақты қозғалысты көрсетеді. Соңғы серпіліс кезіндегі қолы арт жаққа қарай бағытталған диск лақтырушының фигурасы нақты бейнеленген. Бізге дейін жеткен көшірмелер мүсіннің қандай маңызға ие болғандығын көрсетеді. Техниканың шынайылығына байланысты оны «шындықтың жаршысы» деп те атайды. Онда Фидий өнеріндегідей экспрессия орын алмады. Бұның себебі автордың қоланы көбірек қолдануы болуы мүмкін.

Афина акрополи: Парфенон, Ника Аптерос ғибадатханасы, Эрехтейон. Грекияға үш рет парсылар тарапынан жорық жасалып, астана өртеліп, ғибадатханалар тоналды. Бірақ осындай жағдайларда жиі болатындай өрт қаланың сәнделуіне ықпал етті. Фемистокл Афина мен Пиреяны қосатын

қабырғаны қалпына келтірді, Кимон Тезей ғибадаьханасының негізін қалады, Перикл Парфено мен Пропилей салды. Батыс жағынан қолжетімді акрополь жаулардың шабуылы кезінде жақсы қорғалатын ыңғай кіреберіске ие болуы керек болды. Сондықтан Периклдің тұсында Парфеноннан кейін Пропили құрылысы басталды. Дорийлық порты бар кең вестибюль дорийлық және ионикалық колонналар орналасқан алаңға апаратын еді. Пропилей арқылы Парфенонға кіретін болған. Бұл жерде дорийлық стиль ионикалықпен байланыстырылып көрсетілді. Өзара байланыс сақталған және эстетикалық сезім де бұзылмаған. Пропилейлерде ешқандай барельефтер салынбады, тек басты қақпа жақта жылқы мүсіндері орналасты. Ника Аптеростың кішкентай ғибадатханасы - Пиргос тауында орналасқан сәулетші Каликраттың еңбегі. Акропольдің тағы да бір тамаша құрылысы ионикалық стильде жасалған Эрехтейон ғибадатханасы болды. Үш бөлікті ғибадатхананың бірінші бөлігі ионикалық стильде ғана болды. Шеткі құрылыстар негізгімен үйлесім тапқанымен, оңтүстік бөлігіндегісі колонналарды кариатидалармен алмастырған жеке құрылыс ретінде салынған. Грек сәулетшілері әртүрлі стильдерді үйлестіре білген. Барлық құрылыстардың биіктіктері әртүрлі, ешқандай симметриялық үйлесім қарастырылмаса да, ғибадатханалар да, ағаштар да үйлесімді орналасқан. Кариатид, әйелдер мүсіні мен басында канефор ұстаған қыздарды бейнелейтін мүсіндер де нақты жасалған. Канефорлар жеке туынды ретінде қарастырылмай, архитектуралық мотивтің идеясына кіреді. Бұл - мүсіндер мен антаблементтердің өзара пропорционалды байланысын көрсететін фигураны сипаттаудың бірінші үлгісі. Нәзік әйелдер бейнесі ауыр антаблементтермен басылған болса, канефордың сабырлы әрі салтанатты жүрісі бейнеленбейтін еді. Акропольдің незігі ғимараты Ихтин мен Калликрат салған дорийлық периптер Парфенон болды. Бұл жерде ауыр дорика жеңіл түрде келтірілген. Колонналар жіңішке әрі нәзіктеу, ал эхин контуры ыңғайлы болды. Метоптар кентаврлардың рельефті шайқастарымен сәнделді. Архитрав бойынша металл венк жасалды. Шет жақтарында мүсіндер тобы қойылды. Бір бөлігінде Афинаның дүниеге келуі, екіншісінде Алкамен мен Агоракрит жасаған Афинаның Пасейдонмен келіспеушілігі бейнеленген мүсіндер қойылды. Жалпы алғанда, Парфенон – грек ғибадатханаларының идеалы. Онда сәулет өнерінің барлық жаңашылдықтары қолданылды. Парфенон қабырғаларын қоршап жатқан фризде Панафиний мейрамының тойлануы бейнеленген. Оның өзі ерекше техникамен ерекшеленеді.

Фидий шығармашылығы. Афина Промахос пн Афина Парфеностың мүсіндері. Марафон шайқасына дейін бірнеше жыл бұрын Афинада туылған ол Шығыстағы жеңістер кезінде өмір сүрді. Алғашқыда кескіндемеші, кейін

мүсінші болды. Фидийдың сызбалары мен суреттері бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілді. Тапсырыстарында ол құдайлар мен патшалар бейнесін мәрмәр, алтын, сүйек сияқты материалдардан жасайтын болды. Ол құдай бейнесін салуда барлық күш-жігерін салатын болған. Оған Акрополь үшін Афина-қорғаушының мүсінің жасау тапсырылды. Оның биіктігі 60 фут болып, маңындағы барлық ғимараттардан биік тұрды. Ол түгелдей дерлік қоладан құйылып жасалды. Келесі Акропольдік мүсін Парфенон үшін жасалған Афина-пәк алтын мен піл сүйегінен жасалды. Афина әскери киімде, жан-жағында сфинкс пен грифтер бейнеленген алтын дулығамен бейнеленді. Бір қолында найза, екіншісінде жеңіс фигуралары болды. Аяқ жағында Акропольдің қорғаушысы – жылан жатты. Бұл мүсін Зевс мүсінінен кейінгі Фидийдің керемет туындысы болып есептеледі. **Олимпиялық Зевс – Фидий шығармашылығының заңғары.** Фидий еңбектерінің ең кереметі «Олимпиялық Зевстің» мүсіні болды. Бұл оның өмірдік еңбегі болды. Дәл осы туынды оның замандастарының қайталанбас әсерін тудырды. Зевс тақта бейнеленген. Бір қолында скипетр, екіншісінде Жеңіс бейнесін ұстап отырды. Денесі піл сүйегінен, шашы алтыннан, мантиясы алтын әрі эмальдандырылған болды. Тақ құрамында қара ағаш, сүйек, бағалы тастар болды. Аяқтары арасындағы қабырғаны Фидийдің ағасы Панэн сәндеді. Неміс ғалымдарының бірі айтпақшы мүсіннен алынатын әсер шын мәнінде де демоникалық болды. Ұзақ жылдар бойын ол құдай қызметін атқарып, оған табынушылар саны көп болды.

Парфенон ғибадатханасының фронтондары. Фидийдің белгілі шәкірттері – Алкамен мен Агоракти болды. Олардың ұлы туындысы Пантенон ғибадатханасындағы фронтондар болды. Бізге жеткені - фронтондардың қалдықтары мен француз кескіндемешісінің салған суреті. Соның өзі де бізге ежелгі классикалық өнер ескерткіштерінің ішінде ең биігі осы екенін көрсетеді. Фидийдың бұл туындының ұлылығына тигізген әсерінің зор екені айтпаса да белгілі. Фронтонның екеуі де Афина туралы аңыздың екі эпизодын бейнелейді: оның дүниеге келуі мен оның Посейдонмен келіспеушілігін. Біріншісінде – фронтонның ортасында Афина мен Зевс бейнеленген, оң және сол жақ бөліктерінде басқа құдайлар, сол жақ бұрышында ат бейнесі ғана көрінеті Гелиос, суға сүңгіп бара жатқан Селена бейнеленген. Батыс фронтон шығыстағыға қарағанда әлсіздеу болғанымен, ол жақта да көп қозғалыс пен күш бейнеленген.

Олимпиадағы Зевс ғибадатханасы. Ғибадатхана шатырымен қоса түгелдей мәрмәрдан салынған. Оны ұлутастан жасалған 34 массивті колонна қоршап жатты. Әрқайсысының биіктігі 10,5м, ал қалыңдығы 2м болды. Ғибадатхананың алып жатқан аумағы 65*27 м. Ғибадатхананың сыртқы

қабырғаларында Гераклдың 12 ерлігі бейнеленген барельефті плиталар болды. Ғибадатхананың культті бөлігіне кіру үшін 10 метрлік қола есіктен өту қажет болды.

Поликлеттің шығармашылығы. Грек мүсін өнерінің тамаша туындысы Поликлет жасаған Посейдон мүсіні болып табылады. Теңіз құдайының қоладан жасалған оң қолы үш ашалы айырды жауына бағыттап, артқа серпілген, бейнесі пропорционалды. Адам денесін жақсы меңгерген Поликлет оның дене бөліктерінің өзара қатынасы мен өлшемін математикалық дәлдікпен бейнелеген. Адам дене бөліктерінің үйлесімді пропорциясы туралы білімін өзінің «Канон» трактатында баяндайды. Құдыретті Дорифордың мүсінінде Поликлет дәуір идеалы образын жасады. Найзашы жастың бейнесі гректер үшін әдеміліктің образындай болды. мүсіннің көшірмелері Ежелгі Элладаның көптеген қалаларында, жастар гимнастикамен айналысатын орындарда тұрды. Бүгінгі күнге дейін Дорифор әлемдегі адам бейнесінің ең тамашасы болып есептеледі.

Кейінгі классика кезеңіндегі Ежелгі Грекия өнері. 4 ғасырда грек демократиялық мемлекетінің құлауымен қатар, полистердің ыдырауы орын алады. Кейінгі классика өнерінен жаңашылдықты көре аламыз. Гүлдену кезеңінде адам бейнесінің ең жақсысы қала-мемлекет азаматы түрінде болды. полистердің құлауы бұл түсінікті жойды. Адамның сарқылмас күштілігі туралы түсінік бәсеңдейді. Өмірден рахат табу туралы ойлар қозғала бастайды. Адамның жеке әлеміне деген қызығушылық артып, ескі түсініктерден алшақтай бастайды. Құдайлар мен батырларды бейнелеу өнерде эмоция сезінуге жол береді. Б.з.д. 4 ғасыр суретшілерін балалық шақтың кереметі, қартайған шақтағы ақыл, әйелге тән нәзіктік қызықтырады.

Галикарнастағы Мавзол қабірі. Кейінгі классика кезеңіндегі грек сәулет өнерінің тамаша туындыларының ірі бізге жетпеген Галикарнас қаласындағы парсылардың Кариі аймағының билеушісі Мавсолдың қабірі. Галикарнастық кесенеді 3 ордер үйлесім тапты. Ол 2 ярустан тұрды. Біріншісінде жерлеу камерасы, екіншісінде жерлеу ғибадатханасы орналасты. Ярустардан жоғары 4 салт атты арбасы бар пирамида орналасты. Грек сәулет өнеріндегі сызықтық қатаңдық үлкен көлемді ескерткіштен кездесіп, ежелгі шығыс билеушілерінің жерлеу орындарын еске түсірді. Кесенені сәулетші Сатир мен Пифий, ал мүсіндерін Скопас сияқты шеберлер салды. Кесененің пайда болуына Скопас, Леохар, Пракситель, Лиссип еңбек сіңірді. Фризде амазонкалардың шайқасы бейнеленген. Ырғақ үзілген, кідірістер мен қозғалыстар бірден бейнеленеді. Салтанаттылық пен ұлылық жойылған.

Скопастың шығармашылығы. Скопастың өнері құмарлық пен ұмтылыс, уайым, қарсы күшпен күрес, күдіктену мен қайғы бейнелейді.

Скопас(б.з.д.420-355ж.) Парос қаласында дүниеге келіп, Аттика, Пелопоннес және Кіші Азия қалаларында жұмыс істеді. Оның мүсіндегі қарқынды әрі экспрессивті. Ол Миронның дәстүрін жалғастырды. Ол тек физикалық қозғалыс мәселесін ғана емес, рухани қозғалыс мәселесін қарастырды. Ішкі күйзеліс пен қысымды бейнелеуге тырысады. Материалы – мәрмәр. Бет әлпетін бейнелеуде қас доғаларын үлкейту пайда болды. Оның еңбектері: Тегедегі Афина ғибадатханасы, Галикарнас кесенесінің фризы, «Билеп жүрген менадана».

1. Бақылау сұрақтары.

- 1) Ежелгі Грекия өнері мен басқа ежелгі әлем өнерінің айырмашылықтары неде?
- 2) Грек ғибадатханасының құрылымы қандай болды?
- 3) Мирон мен басқа Ежелгі Грекия мүсіншілерінің айырмашылығы неде?
- 4) Афина Акрополін сипаттаңыз.
- 5) Кейінгі классика мүсіншілерінің жұмыс істеу ерекшеліктері.
- 6) Кейінгі классика дәуірінің сәулет өнері ескерткіштері.
- 7) Эллинизм дәуірінің ерекшеліктері.

2. Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар.

- 1) Әлемнің жеті кереметі қатарына кіретін ескерткіштер туралы айтып беріңіз.
- 2) Фидийдің өнеріне тоқталыңыз.

3. Әдебиеттер:

1. Колпинский Ю. Искусство Древней Греции – М.: изд-во Академии художеств, 1976.
2. Любимов Л. Искусство античного мира – М.: 1995.
3. Бирюкова Н.В. История архитектуры: учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2006.
4. Гнедич П.П. Всемирная история искусств, М.: Современник, 1999.